

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
12.06.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания Мажилиса
Парламента Республики Казахстан
от 12.06.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Машбекұлы Сапарбаев мырзаға беріледі.

САПАРБАЕВ Б.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының тапсырмасын іске асыру мақсатында әзірленген «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жаңа жобасы ұсынылады.

Заң жобасының негізгі мақсаты – еңбек өтілі мен әлеуметтік төлем мөлшерінің арасындағы өзара байланысты күшейту, сондай-ақ 2020 жылдан бастап еңбек ету қабілетінен, асыраушысынан және жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлем мөлшерлерін орташа есеппен 30 пайызға арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін заң жобасында Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін үш түрлі әлеуметтік төлемдерді тағайындау параметрлерін қайта қарастыру көзделген.

Біріншіден, еңбек өтілі бес жылдан асатын төлем алушылар үшін жүйеге қатысу өтілінің коэффициентін қайта қарау ұсынылады.

Бұл коэффициент үш әлеуметтік төлемді айқындау кезінде қолданылады. Бүгінгі күні бес жыл және одан көп өтілі бар азаматтар үшін бірдей коэффициент (1,0) қолданылады. Осылайша, жүйеге бес жылдан көп қатысқан адамды ынталандыру тетігі қарастырылмаған.

Жүйеге неғұрлым көп қатысуды ынталандыру үшін бес жылдан артық қатысу өтілі бар азаматтарға әрбір еңбек еткен толық бір жылы үшін коэффициентті 2 пайызға арттыру ұсынылады.

2018 жылы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне бес жылдан көп қатысқан азаматтардың саны 3 миллион 400 адамды немесе қатысушылардың жалпы санының 55 пайызын құрады. Сондықтан бұл өзгеріс төлем алушыларға оң әсерін тигізетін болады.

Екіншіден, мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру мақсатында еңбек ету қабілетінен айырылуы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін тікелей медициналық-әлеуметтік сараптама негізінде белгіленген жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу деңгейіне сәйкес анықтау ұсынылады.

Бүгінгі күні еңбек ету қабілетінен айырылудың орташа коэффициенті қолданылады, яғни мүгедектігі бар адамдардың нақты қажеттілігі ескерілмейді. Мәселен, еңбек ету қабілеті 30 пайыздан 50 пайызға дейін болса - 0,3 коэффициенті, 60 пайыздан 79 пайызға дейін болса - 0,5 коэффициенті, 80 пайыздан 100 пайызға дейін болса - 0,7 коэффициенті қолданылады. Заң жобасында осы мәселені реттеу көзделген. Мысалы, 65 пайызға дейін берілсе, коэффициент 0,65, 80 пайызға дейін болса, коэффициент 0,8, 100 пайызға дейін берілсе, коэффициент 1 болады. Мысалы, азаматтың орташа айлық табысы 100 мың теңге, жеті жыл жұмыс істеп, әлеуметтік аударымдары төленген болса, онда еңбек ету қабілетінен 65 пайызға айрылған жағдайда, әлеуметтік төлемнің мөлшері қолданыстағы формула бойынша 22 мың 988 теңгені, ал заң жобасындағы жаңа формула бойынша 31 мың 80 теңгені құрайды. Яғни өсім 35 пайыз.

Бұл төлем Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмыс істеп, әлеуметтік аударымдары төленген азаматтарға ғана беріледі. Оған қоса базалық деңгейден мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы қоса тағайындалады. Екінші топтағы мүгедек үшін оның мөлшері биылғы жылы 45 мың 436 теңгені құрайды, сонда төлемнің жалпы сомасы айына 76 мың 518 теңге болады.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша қордан 81 мың адам еңбек қабілетінен айырылуы бойынша әлеуметтік төлем алды. Төлемнің жалпы сомасы 12 миллиард 300 миллион теңгені құрады.

Үшіншіден, асыраушысынан айырылған отбасылардың әлеуметтік қорғалуын арттыру үшін асырауындағылар санына сәйкес қолданылатын коэффициентті арттыру көзделген. Мысалы, асырауында бір адам болатын болса, коэффициент 40 пайыздан 50 пайызға, екі адам болатын болса, 50 пайыздан 65 пайызға, үш адам болса - 60 пайыздан 80 пайызға, төрт және одан көп адам болса - 80 пайыздан 100 пайызға арттыру ұсынылады.

Жалпы алғанда, әрбір коэффициенттің өсімі бұрынғы мөлшерден 25 пайызға көбейеді.

Мысалы, азаматтың орташа айлық табысы 100 мың теңге, жеті жыл жұмыс істеп, әлеуметтік аударымдары төленген болса, онда асырауында қалған бір балаға әлеуметтік төлемнің мөлшері қолданыстағы формула

бойынша 18 мың 390 теңгені, ал заң жобасындағы жаңа формула бойынша 23 мың 907 теңгені құрайды.

Асыраушысынан айырылған балаларды әлеуметтік қорғау жүйесі көпдеңгейлі екенін ескере отырып, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы сомасын қосқанда, жалпы төлем сомасы айына 49 мың 448 теңгені құрайтын болады.

2018 жылы қордан 45 мың адамға асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем тағайындалды, оның мөлшері 8 миллиард 700 миллион теңге болды.

Төртіншіден, жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау параметрлерін қайта қарау ұсынылады. Атап айтқанда:

1) төлемді анықтау барысында қолданылатын табысты алмастыру коэффициентін 30 пайыздан 40 пайызға арттыру (бұл Дүниежүзілік еңбек ұйымының ұсынысымен сәйкестендіру үшін жасалып отыр);

2) жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемнің мерзімін жүйеге қатысу өтіліне байланысты төрт айдан алты айға дейін ұзарту ұсынылады. Қазіргі таңда алты айға дейін әлеуметтік төлем тек жұмысынан штаттың қысқартылуы, заңды тұлғаның таратылуы бойынша айырылған жағдайда ғана тағайындалады. Заң жобасында жұмысынан айырылу себебіне байланыссыз, яғни еңбек өтіліне қарай төлем алты айға ұзартылатын болады.

Өткен жылы қор есебінен 47 мың 600 адам жұмысынан айырылу бойынша төлем алды. Оның сомасы 3 миллиард 600 миллион теңгені құрады.

Сонымен қатар жаңадан келетін және қазіргі әлеуметтік төлемнің мөлшерін алушылар арасында шиеленісті болдырмау мақсатында асыраушысынан айырылу және еңбек ету қабілетінен айырылуы бойынша әлеуметтік төлемді алып жүрген азаматтар үшін жаңа өзгерістерді қолдана отырып бір реттік қайта есептеу жүргізуді ұсынамыз.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Жалпы алғанда, заң жобасын қабылдау нәтижесінде үш әлеуметтік қатар: еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдердің өсуі шамамен 200 мыңнан адамды қамтиды және төлем орта есеппен 30 пайызға көтеріледі.

Сонымен қатар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі мен әлеуметтік төлемнің байланысы күшейеді.

Жобаны іске асыру республикалық бюджеттен қосымша қаржыны талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Қадірлі депутаттар! Түсіністікпен бірлесіп жасаған жұмыстарыңыз үшін үлкен алғыс айтамыз.

Ұсынылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Баяндама аяқталды. Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Менің сұрағым баяндамашыға және Қаржы министрлігінің өкіліне арналады.

Айтылып өткендей, заң жобасында ұзақ мерзімге тағайындалатын әлеуметтік төлемдердің екі түрі көзделген. Бұлар еңбек ету қабілетін жоғалтуына байланысты және асыраушысынан айырылуына байланысты.

Ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдер құнсызданбауы үшін жыл сайын индекстеу жөнінде норма жұмыс істейді. Сонымен бірге индекстеу мөлшері әртүрлі болып шықты. Мәселен, осы әлеуметтік төлемдердің мөлшері 2016 және 2017 жылы Үкіметтің қаулысымен 7 пайызға, 2018 жылы 16 пайызға, ал 2019 жылы 5 пайызға ұлғайтылды.

Айтыңызшы, неге әлеуметтік төлемдерді индекстеудің мұндай әртүрлі деңгейі қалыптасып отыр?

ТӨРАҒА. Өзіңіз бастаңыз, содан кейін Қаржы вице-министрі жауап береді.

САПАРБАЕВ Б.М. Әлеуметтік төлемдерді индекстеу, біріншіден, мемлекеттің экономикалық жағдайына, екіншіден, жаңа өзіңіз айтқандай, инфляция деңгейіне байланысты болады. Соңғы кезде мемлекетіміздегі инфляцияның деңгейі жылдық есеппен есептегенде 5 пайыздан 7 пайызға дейін құрайды, сондықтан биылғы жылы әлеуметтік төлемдер 5 пайызға көтеріліп отыр.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Қаржы вице-министрі Қанат Ескендірұлы Баеділов.

БАЕДІЛОВ Қ.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Әлеуметтік жәрдемақылардың көлемі ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты болады. Соңғы жылдары индекстің көлемі едәуір өсті. 2017 жылы 7 пайыз болса, 2018 жылы 16 пайызды құрады. Бұның негізгі себебі, өздеріңіз білесіздер, 2018 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейінің құрамы өзгерген болатын. Өздеріңіз білесіздер, олар «азық-түліктік» және «азық-түліктік емес» деген екі бөліктен тұрады. Солардың пропорционалдары өзгеруіне байланысты 2018 жылы 40-тан 55-45-ке дейін өзгерген болатын. Соған байланысты 2018 жылы индекстің құрамы 16 пайызға өсті. Сол себепті әлеуметтік жәрдемақының көлемі де өсіп отыр.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қаракен Құралай Әнуарқызына беріледі.

ҚАРАКЕН Қ.Ә. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Бердибек Машбекович! На расширенном заседании Правительства Елбасы Нурсултан Абишевич Назарбаев поручил с 1 января

2020 года обеспечить рост средних размеров социальных выплат из Государственного фонда социального страхования до 30 процентов, и это поручение в рассматриваемом законопроекте предусмотрено. При этом в отношении действующих получателей социальных выплат по утрате трудоспособности и потере кормильца планируется сделать перерасчет, кроме выплат действующим получателям по потере работы, которые останутся прежними. То есть размеры выплат, назначаемых этим лицам, до вступления в силу данного законопроекта будут меньше, чем после его вступления в действие. Таким образом, эта группа изначально попадает в неравные условия по сравнению с другими получателями.

В связи с этим депутатами в рабочей группе была внесена поправка, согласно которой социальные выплаты по потере работы также будут подлежать перерасчету с 1 января 2020 года, как и другие социальные выплаты длительного характера.

Скажите, пожалуйста, каково Ваше мнение по этой норме? С чем изначально была связана позиция уполномоченного органа в решении вопросов выплат по потере работы без перерасчета? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Бердибек Машбекович.

САПАРБАЕВ Б.М. Дұрыс айтып отырсыз. Барлық әлеуметтік төлемдер, жаңа баяндағандай, ең кем дегенде орта есеппенен 30 пайызға өседі. Бұрын алғандар мен 2020 жылдан бастап алатындардың арасындағы айырмашылық үлкен болмайды, себебі әрбір қазақстандық азаматтың әлеуметтік құқығын сақтауымыз керек. Яғни, бір сөзбен айтқанда, қазір алып жүргендердің әлеуметтік төлемдеріне бір рет қайтадан есеп жүргізіледі. То есть один раз в год будет сделан перерасчет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бычкова Светлана Федоровнаға беріледі.

БЫЧКОВА С.Ф. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Бердибек Машбекович! Государственный фонд социального страхования является социально значимой организацией. В условиях посткризисной экономики проведение аудита финансовой устойчивости соответствующей системы представляется жизненно необходимым. В связи с этим законопроектом предусмотрена норма, согласно которой фонд обязан обеспечить проведение аудита оценки финансовой устойчивости системы обязательного социального страхования раз в три года. Однако с учетом современной динамики изменения мировой экономики и кризисной неопределенности финансовая устойчивость может кардинально меняться.

В этой связи скажите, пожалуйста, почему нельзя проводить оценку финансовой устойчивости системы чаще, а также с чем связано указанное в законопроекте проведение аудита один раз в три года?

САПАРБАЕВ Б.М. Уважаемая Светлана Федоровна, Вы сами сказали, что Государственный фонд социального страхования – это устойчивый фонд, поэтому в первую очередь мы рассматриваем устойчивость стороны этого вопроса.

Вторая сторона. Вы сами хорошо знаете, из этих трех платежей два являются долговременными. Например, потеря кормильца: надо платить, пока ребенок не достигнет совершеннолетия или не закончит высшее или среднее специальное учебное заведение. Так же и по потере трудоспособности – нужно время (в зависимости от состояния его здоровья – пять или десять лет). Поэтому мы считаем, что аудит надо проводить один раз в три года, чтобы была финансовая устойчивость этого фонда.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Аманжолова Зәуреш Жұманәліқызына беріледі.

АМАНЖОЛОВА З.Ж. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының» өкіліне арналады.

Қаралып отырған заң жобасының 11-бабына сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» (цитатаны келтірейін): «әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған істердің электрондық макетін қалыптастырған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпсіз, заңсыз, негізсіз деп танылған әлеуметтік аударымдардың сомасын ескермеуге міндетті». Цитатаның соңы.

Бұл ретте заң жобасында қандай жағдайда әлеуметтік аударымдар негізсіз болып танылатыны туралы жазылмаған. Осыған байланысты менде осы норманы практикада іске асыруға байланысты сұрақтар туындап отыр.

Бірінші сұрағым мемлекеттік корпорацияның өкіліне арналады. Мемлекеттік корпорация жұмыскері практикада қандай әлеуметтік аударымдарды заңсыз, ал қандай заңды екенін қалай анықтайтынын айтып берсеңіз. Бұл үшін мемлекеттік корпорацияның құзыреті жеткілікті болып табыла ма?

Екінші сұрақ. Құрметті Бердібек Машбекұлы, заңсыз аударымдар жасаған тұлғаларға қандай жауаптылық жүктелетін болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Бірінші сөзді Әсемгүл Серікқызы Балташеваға берейік, содан кейін Бердібек Машбекұлы.

БАЛТАШЕВА Ә.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Біріншіден, осы заң жобасы бойынша біз Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірге жұмыс істейміз.

Бізге нұсқаулар министрліктен келеді, яғни қандайы заңсыз төлемдер, қандайы заңды төлемдер деген. Біз солармен бірге жұмыс істейміз.

Жұмыс тобында осындай сұрақ көтерілген. Алгоритм бойынша жазбаша түрде берейік.

ТӨРАҒА. Бердібек Машбекұлы.

САПАРБАЕВ Б.М. Құрметті Зәуреш Жұманәліқызы! Егер мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері заңды бұзатын болса, онда заңға сәйкес жауап береді. Егер мемлекетке шығын келетін бола, онда олар ол шығынды төлеулері керек.

Біз өңірлерге барған кезде осы мемлекеттік корпорацияның жұмысын қараймыз, әсіресе зейнетақыны тағайындау жөнінде, оның модульдерін, макеттерін дайындау жөнінде. Бұл жерде мәселелер бар. Біз оларды мемлекеттік корпорацияның, министрліктің басшыларымен ескеріп, келешекте шешетін боламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Олейник Василий Ивановичқа беріледі.

ОЛЕЙНИК В.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Бердибек Машбекович! В статьях 28 и 29 рассматриваемого законопроекта предусмотрены сроки и основания для приостановления и возобновления, а также прекращения социальных выплат. Например, такие основания, как выезд получателя на постоянное место жительства за пределы территории Республики Казахстан, выявление факта утраты или выхода его из гражданства, отбывание получателем наказания в местах лишения свободы, безвестное исчезновение и другие.

Вместе с тем в законопроекте отсутствуют четкие механизм и порядок получения сведений об обстоятельствах, которые стали основанием для приостановления, возобновления или прекращения этих выплат.

В этой связи поясните пожалуйста, какие механизм и порядок своевременного получения от соответствующих государственных органов сведений, являющихся основанием для приостановления и возобновления, а также прекращения этих выплат, предусмотрены для исключения рисков незаконного расходования средств на указанные цели из государственного бюджета? Спасибо.

САПАРБАЕВ Б.М. Уважаемый Василий Иванович, что касается выезда за пределы Казахстана, то мы должны получить информацию от Министерства внутренних дел.

Что касается нахождения в местах лишения свободы – то же самое, должны получить информацию от Министерства внутренних дел и других правоохранительных органов, которые имеют отношение к лишению свободы граждан Казахстана.

Что касается механизма, то механизм отработан соответствующими государственными органами.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлтаев Нұржан Бауыржанұлына беріледі.

ӘЛТАЕВ Н.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының өкіліне арналады.

Соңғы жылдары Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры жұртшылықтың тарапынан үлкен сынға ұшырап отыр. Бұл сынның себебі біріншіден, қордың қаражатын орналастырудың тиімсіздігі болып табылады.

Естеріңізде болса, Елбасы 2018 жылдың 5 қазанындағы Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ресурстарын және қаржы құралдарын пайдаланудың тиімділігін арттыру жөнінде міндет қойған болатын.

Заң жобасына сәйкес әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізімін Үкімет бекітеді, бірақ қор оның орындаушысы. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және кірістілікті ұлғайту үшін қор ұзақ мерзімді қандай шаралар қабылдап отыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қордың төрағасы Құрманов мырза.

ҚҰРМАНОВ А.М. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Государственный фонд социального страхования занимается сбором активов, а управление активами идет через Национальный Банк Республики Казахстан. Поэтому в соответствии с перечнем, который утверждается Правительством Республики Казахстан, Национальный Банк Республики Казахстан размещает активы в ценные бумаги и другие инструменты.

ТӨРАҒА. Бердибек Машбекович.

САПАРБАЕВ Б.М. Я могу добавить, что без разрешения Правительства ни одного тиына из Государственного фонда социального страхования выделяться не будет. Вы хорошо знаете, в последнее время, если грубо сказать, стало много охотников, но этого не будет.

Нуржан Бауыржанович, Вы правильно задали вопрос, тем более работали заместителем министра, курировали этот фонд, хорошо знаете. Надо определить финансовый инструмент. Если финансового инструмента не будет – не будет выделения денег, потому что это народные деньги. Мы уже сказали, сколько тысяч казахстанцев получают социальные выплаты из этого фонда. Поэтому мы сейчас совместно с Национальным Банком, Министерством финансов, Министерством национальной экономики строго следим за этим финансовым инструментом.

Нурлан Зайруллаевич, еще раз хочу повторить, что без определения финансового инструмента, без решения Правительства ни одного тиына выделяться не будет.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Бердібек Машбекұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заң жобасы 2019 жылғы 22 ақпанда Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне келіп түсті және заң жобасы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» қолданыстағы Заңның жаңа редакциясы болып табылады. Қаралып отырған жоба қабылданғаннан кейін аталған заңның күші жойылады.

Заңның жаңа редакциясының жаңашылдығы – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне халықтың қатысуын ынталандыруға және еңбек өтілі мен төлемдердің мөлшері арасындағы өзара байланысты күшейтуге бағытталған.

Аталған заң жобасында халықаралық стандарттар, ағымдағы әлеуметтік-экономикалық даму жағдайлары және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығы ескеріле отырып, әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың жетілдірілген параметрлері ұсынылып отыр.

Еңбекке қабілеттілікті жоғалту коэффициентін айқындаудың жаңа тетігі көзделеді, ол әрбір жағдайға жеке-дара тәсілмен қарауға негізделген. Бұл еңбекке қабілеттілікті жоғалту дәрежесіне қарай әлеуметтік төлемдердің мөлшерін ұлғайтуға әкелетін болады.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді есептеу кезінде асырауындағы адамдар санының қолданыстағы коэффициенттерін арттыру ұсынылады. Тиісінше әлеуметтік төлемдердің өсуі күтіледі.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін, оның қаржылық тұрақтылығын, азаматтардың өтініштерін қарау және активтерді басқару тәртібін реттейтін нормалар көзделіп отыр.

Депутаттар заң жобасымен жұмыс істеу барысында тұжырымдық сипаттағы бірқатар ұсыныстар енгізді, олар Қазақстан Республикасының Үкіметіне қорытындыға жіберілді.

Атап айтқанда:

бір жасқа дейінгі бала күтімімен айналысатын және бір мезгілде еңбек қызметін немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ата-аналарға әлеуметтік төлемдерді азайтатын норма алып тасталды;

бірыңғай жиынтық төлемдер төлеушілерге әлеуметтік төлемдерді есептеу кезінде кірісті есепке алу мәселелерін реттейтін және өзін-өзі жұмыспен қамтушы болып табылмайтын, жұмыс істейтін азаматтардың көтермеленген әлеуметтік төлемдер алуға бағытталған жосықсыз әрекеттеріне жол бермеуге арналған нормалар енгізілді;

әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өндіріп алу рәсіміне қатысты заңнамадағы олқылықтар мен коллизияларды жоятын нормалар енгізілді.

Заң жобасының таныстырылымы болып, мүдделі мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен қорлар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының сегіз отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді. Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын ұсынды.

Заң жобасымен жұмыс жалғасуда.

Құрметті депутаттар, жоғарыда айтылғандардың негізінде заң жобасын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Айгүл Қабдешқызы.

Енді, құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Өтемісов Шавхат Әнесұлына беріледі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру кез келген дамыған қоғамның міндетті және ажырамас құрамдасы болып табылады. Қазақстан мықты әлеуметтік саясаты бар нарықтық мемлекет жолын таңдай отырып, халықты әртүрлі қатерлерден және өмірлік қолайсыз жағдайлардан сақтандырудың ұлттық жүйесін тұрақты түрде жетілдіруде.

Бүгін біздің «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заң жобасын жаңа редакцияда қарауымыз қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайы мен материалдық деңгейін жақсартуға тұрақты ұмтылысты растау болып табылады.

Атап өтілгендей, заң жобасы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі мен әлеуметтік төлемдердің мөлшері арасындағы өзара байланыстың жеткіліксіздігі, жүйеге көп қатысу үшін уәждеменің болмауы, әлеуметтік төлемдер мөлшерінің төмендігі сияқты проблемалық мәселелерді шешуге арналған.

Басқа да жаңалықтармен қатар заң жобасында алынатын жәрдемақы мен сақтандыру жүйесінде болу мерзімі арасындағы өзара ықпал етуді күшейту ұсынылады.

Бұл нормаларды қабылдау адам ұзақ уақыт жұмыс істеген сайын оның төлемдерінің мөлшері жоғары болуға тиіс заңдылықты құру мүмкіндігін береді. Осылайша заң жобасымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбек өтілі мен міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіндегі төлемдер арасындағы өзара байланысты күшейту жөніндегі тапсырмасы орындалады. Өз кезегінде бұл еңбек уәждемесін және жұмыспен қамтуды тіркеу мүдделілікті арттырады, яғни жұмыс істейтін халықты өзінің еңбек қатынастарын заңдастыруға ынталандыратын болады.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау параметрлерінің өзгеруінің үлкен әлеуметтік маңызы бар.

Жалпы, заң жобасын әзірлеушінің есептеулері бойынша бұл олардың мөлшерін мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін 34,5 пайызға, асыраушысынан айырылған отбасылар үшін 33,9 пайызға, жұмысынан айырылған адамдар үшін 40,4 пайызға ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Бұл отбасының кірісіне жағымды әсер ететіндігі, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтардың қорғалуын едәуір күшейтетіндігі және мемлекеттік көрсететін көмектің тиімділігін арттыратындығы сөзсіз.

Сонымен бірге әлеуметтік төлемдер параметрлерінің ұлғаюы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры шығыстарының өсуімен қатар жүретіндігін ескеру қажет. Бұл, әрине, қордың қаржылық тұрақтылығы туралы мәселені тудырады.

Осыған байланысты заң жобасының үш жылда бір рет міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығын бағалау аудитін енгізуді көздейтін нормалары өте өзекті болып табылады. Бұл Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры істерінің жай-күйі туралы өзекті ақпарат алуға және, қажет болған жағдайда, алдын алу шараларын қолдануға мүмкіндік береді.

Уәкілетті органның деректері бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қазіргі таңда бар жинақтары оның 2048 жылға дейінгі қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететіндігін айтқан жөн. Солай бола тұрса да, қордың активтерін күшейту, оның сақтандыру әлеуетін арттыру жөніндегі тұрақты жұмысты жүргізу қажет. Бұл мемлекеттің әлеуметтік кепілдіктерінің сенімділігі мен қамтамасыз етілуінің міндетті шарты.

Сарапшылардың пікірінше, саланы цифрландыру шеңберінде міндетті әлеуметтік сақтандырудың барлық түрі бойынша бірыңғай ақпараттық базаны құру, азаматтарға бірыңғай әлеуметтік нөмір тағайындау және әлеуметтік сақтандырудың дербес карточкаларын беру жүйесін әзірлеу қажет.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесі ашық, анық және барлық қатысушылар үшін қолжетімді болуы өте маңызды. Бұл, сөзсіз, халықтың тарапынан оған деген сенімнің өсуіне және қатысушылар санының ұлғаюына ықпал етеді.

Заң жобасының ұсынып отырған жаңалықтары азаматтардың жұмыспен қамтылуын тіркеуге қызығушылығын күшейтеді, жұмыс істейтін адамдардың әлеуметтік қорғалуын арттырады және олардың міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуын ынталандыратын болады.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандардың негізінде сіздерден қаралып отырған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында құрметті әріптестер, бір ғана ұсыныс түсті – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Қаулы қабылданды.



*Дүние: Құжаттамалар қамтамасыз
ету бөлімінің сенат негізіндегі
Мисір Н. Шайдарбаева*